

"Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілі туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 552 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілі туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілі туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы өкілінің өкілеттіктерінен босатылсын.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Ұзақбайұлы Мамин Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілі болып тағайындалсын.

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев